



Автор: АДИЛГЕРЕЕВА ЛАЗЗАТ АРГЫНГАЗИЕВНА

Пән: Математика

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Ондық бөлшектер және оларға амалдар қолдану

Тақырып: Ондық бөлшектерді салыстыру

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.1.2.26Ондық бөлшектерді салыстыру
Сабақтың мақсаты:	- ондық бөлшектерді разрядтары бойынша салыстыра білу; -берілген ондық бөлшекті оған тең бөлшекке түрлендіре білу;
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар: - жай бөлшекті ондық бөлшекке айналдыру ережесін негіздеп қолдана алады; - ондық бөлшектерді салыстыруды түсіндіре алады; Пәнге тән лексика мен терминология: - разрядтары бойынша сандарды жіктеу; - сандарды разрядтары бойынша салыстыру; - жоғары (үлкен) разряд; - төменгі (кіші) разряд; - разрядтық бірліктер; - ондық таңбалар. Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: егер ондық бөлшектің соңына бір немесе бірнеше нөлдер тіркеп жазылса (алып тасталса), онда ...бөлшек шығады; - ондық бөлшектерді салыстыру үшін алдымен бүтін бөліктері салыстырылады, егер бүтін бөліктері тең болса, онда
Күтілетін нәтиже:	Ондық бөлшектерді салыстырады
Бағалау критерийлері:	-Ондық бөлшектерді разрядтары бойынша салыстыра алады; -Ондық бөлшекке тең бөлшекті таба алады;
Құндылықтарды дарыту:	Абай-175 жыл толуына орай ақынның өлеңдерін орындау сабақ барысында құндылықтарды дарыту жұптық және топтық жұмыстар арқылы жүзеге асырылады. Бір-бірінің ойларын бағалау, жауапкершілікті сезіну, өзара сыйластық
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Сабақтың әр кезеңінде қорытындылауды тиімді жүзеге асыру үшін презентациямен жұмыс
Пәнаралық байланыс:	әдебиет, музыка
Бастапқы білім:	Ондық бөлшектерге амалдар қолдану

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5-6 минут)	Оқушылармен амандасу, түгелдеу. «Көңіл-күй» тренингі көңіл-күйлеріне байланысты смайлик таңдайды. Бағалау парағы таратылады әр оқушыға. Сөзжұмбақ шешу «АБАЙ» 1. Бүтін менен бөлшекті, Үтірменен айырған. Әп-әдемі жазылар, Айтыңдаршы, қандай сан? Ондық бөлшек 2.Екі бүтін бестен бір қандай сан? АРАЛАС 3.Осы аралас санды ондық бөлшекке айналдыруға бола ма? 2, 2 4. Ондық бөлшек қандай бөліктен тұрады? Бүтін және бөлшек бөліктен тұрады Абай туралы не білеміз? Топқа бөлу « Пазл» құрастыру «Қыс», «Жаз», «Күз» суреттері шығады. Осы өлеңдердің бір шумағын айтып бере аласыңдар ма? Математикалық диктант 0,21, 2,148, 4,07, 6,5, 3,009, 13,0425, 24, 015 «Көршіңді тексер»әдісі оқушылар бір-бірін тексереді	смайлик бағалау парағы пазл «Қыс», «Жаз», «Күз» суреттері

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (7-35 мин)	<p>«Миға шабуыл» Барлық оқушыға сұрақ қойылады. 1. Ондық бөлшектердің Алдымен қандай бөлігін салыстырамыз? Егер бүтін бөліктері тең болса, қалай салыстырамыз? . Егер берілген ондық бөлшектің оң жағына (соңына) нөлдерді тіркеп жазсақ , қандай бөлшек шығады? Тең бөлшек Кері байланыс «Мадақтау арқылы» Үш топқа бірдей тапсырма беріледі. Қай топ тез орындайды? «= Топтар бірін-бірі бағалайды. «Бағдаршам» арқылы Критеріі: -жай бөлшектерді ондық бөлшекке айналдырады -өсу, кему ретімен жазады -салыстыруды орындайды Оқулықпен жұмыс №774 есеп Сергіту сәті: «Қыс, Жаз, Күз» өлеңін оқиды Жеке жұмыс Оқушының аты-жөні: Сыныбы: 5 Күні: Сурет бойынша салыстыруды орында: Дескриптор: - ондық бөлшекті разряд бойынша салыстырады 2) Жұлдызшаларды теңсіздіктер тура болатындай етіп, цифрлармен ауыстырыңдар: 1) $8,1 * > 6,65$; 2) $11,85 < 11, * 2$; 3) $32,25 > 32, * 5$; Дескриптор: Білім алушы - Жұлдызшалардың орнына сәйкес цифрларды қояды; - бүтін бөліктері бірдей сандарды салыстырады; - бүтін бөліктері әртүрлі сандарды салыстырады Бағалау «өзін-өзі бағалау Жүппен жұмыс. Семантикалық карта № Тапсырма $1,5^{\wedge}3,5 3 ,25^{\wedge}1,25 6,25 5,0 7,2 1 11/2 ^{\wedge}31/2 Т Б С Ш М 2 31/4 ^{\wedge}1 1/4 Н А О К У З 61/4 П Е Л Ы Д 4 7 4/(5) - 3/5 И Р Н Г А 5 81/2 -31/2 К С И П Н$ Абай атамыздың бір өлеңінде кездесетін сөздер талап, еңбек, рақым қай өлеңінде кездеседі? «Ғылым таппай мақтанба»</p>	А3 тапсырмасы КББағдаршам Мадақтауарқылы Семантикалық карта
Сабақтың соңы (36-40 мин)	Оқушылар сабақ соңында өз ойтолғаныстарын білдіру арқылы бүгінгі тақырып бойынша «Еркін микрофон» оқушылар өз ойын білдіреді Үйге тапсырма: №775 есеп Бағалау Мадақтау арқылы бағалау парағы бойынша қорытындылау	
Рефлексия	«Еркін микрофон» оқушылар өз ойын білдіреді	микрофон